

МЕКТЕПТЕ ӘН ОРЫНДАУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДА САБАҚ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕРІ

Тажбаева А.И.

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.,

Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

Резюме

В данной статье раскрытие педагогической проблемы формирования художественного облика учащихся рассматривается сквозь призму внедрения развивающей методики в процесс ведения уроков вокала и хора в начальных классах.

Summary

In this article, the disclosure of the pedagogical problem of shaping the artistic appearance of students is considered through the prism of the introduction of developing methods in the process of conducting vocal and choir lessons in primary classes.

Жас ұрпақтарының рухани бейнесін қалыптастыру үдерісінде бірінші қатарлы мәселе, - балаларға музыкалық сауаттылық, тәрбие жұмыстарын жүргізу. Біздің зерттеу контекстімізде ол – мектепте, сыныптан тыс, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған, ән және вокалды хор өнерін үйрету әдістемесі.

Ән айтуды үйрену, музыка тыңдау, музыка шығармалармен танысу, музыкалық сауат және қозғалыс (ырғақ) музыкаға тәрбиелеудің міндетті бөлімдері.

Балаларды музыкаға тәрбиелеудегі сан сұрақтардың бірі – музыкалық шығармашылық болып табылады. Осы жерден келіп екі мәселе қалыптасады – музыкалық шығарманы қабылдау және орындау.

Бұл жайында, өз «Музыка сабағында ән үйрету әдістемесі» оқу-әдістемелік құралында қазіргі замаңғы қазақ педагогы, сазгер Мұстафин Б.А., шығармашылықты, – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі деп сипаттап, шығарманы тындау, орындау арқылы оқушы дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренеді деп тұжырымдайды[1].

Әрине, оқушылар үшін музыка – танымдық процестерді белсендіру құралы болып табылады, ал музыкалық шығарманы тындау, қабылдау және орындау барысында балалардың өмір тәжірибесі де байытылады, болмысты байыптау өрісі де кеңейеді, және де шығармашылық ойлау үрдісін жеделдетіледі. Ән, вокал шығармамен қарым-қатынаста болу - вокалды шығарманың өзара байланысын, мәнерін, бірізділіктегі құрылымын (вокалды ән шығарманы фантазиямен қабылдау), олардың кешенділігін (тембір, гармонияның орындаушылық өзгешелігін қабылдау), вокалды-хор шығарманың түрлі айырмашылықтарын (гомофония, полифония сияқтылар) танып білуге көмектеседі[2].

Бастауыш сынып оқушыларға тиісті, ән, вокалды шығарманы меңгерту қарапайымнан күрделілігіне қарай әдісіне негізделген. Балалар бастапқыда қарапайым да жеңіл, вокалды қарапайым жаттығулар жасап, аса күрделі емес ән-күйлерді орындауға машықтандырылса, бірте-бірте күрделі шығармаларды орындауға үйретіледі. Бұл оқытушының және баланың біріккен іс-әрекетін бейнелейтін, оқыту үрдісінің негізгі екі жақты сипаты оқыту әдістерінің екі жақтылығын анықтайды: оқытушы жағынан ақпараттық, басқарушылық және шығармашылық ой дамыту, ал оқушы жағынан тындау, бақылау, орындау әдістері.

оқушыларға тән бағдарламасының тақырыптарымен танысу, тереңдете меңгертуге қажетті музыкалық тәжірибесін белсенділікпен пайдалануға талпындыру мақсатын жүзеге асырады.

Аталған әдісті қолдануда мұғалімге нақты жағдайға сәйкес ең қолайлы, тиімді, қажетті жақтарын таңдай білу міндеті жүктеледі. Педагогикалық

бақылау және баға беру тәсілдері музыка сабақтарында оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктерін есепке алуды қолданылатын әдіс. Олар оқушылардың музыкалық даму барысында түзетулер енгізуде қосымша роль атқарады. Бақылау мен тексеру оқу процесінің өзінше жеке элементі болып шет қалмауы, керісінше білімділік, дамытушылық, тәрбиелік, талпындыру функцияларын атқарып отыруы тиіс.

Музыкалық білім беру жетістіктеріне қол жеткізу оқыту әдістерін қолайлы етіп таңдап алуға байланысты. Ол үшін келесі өлшемдерді негізге алуға болады:

- оқу материалының мазмұны мен жалпы мақсаттары;
- оқу пәнінің ерекшелігі;
- дидактикалық талаптар;
- оқушының жас ерекшелігі;
- оқушылардың музыкалық білім саласындағы теориялық, практикалық даярлық деңгейі;
- оқушылардың музыкалық тәрбиелік деңгейі;
- оқушылардың жеке дара ерекшеліктері;
- мектептің әлеуметтік ортасы, материалдық-техникалық базасы;
- музыка пәні мұғалімінің кәсіби шеберлік және тәжірибе деңгейі[3].

Бала бойындағы көркемдік талғам мен шығармашылық ізденіс дағдыларын дамытуда, талантын ұштауда жалпыға бірдей білім беретін бастауыш сыныптардағы көркемөнерпаздар үйірмесі мен музыкалық көпшілік жұмыстардың тәлім-тәрбиелік маңыза ерекше. Үйірмелерде оқушылар музыка сабағында алған білімін кеңейтіп, орындау дағдыларын тереңірек меңгеруге мүмкіндік алады. Бірақ, музыкалық тәрбиенің сыныптан тыс түрі жалпыға бірдей міндетті емес. Бұл жұмыстарға оқушылар өз тілегі бойынша қатыстырылады және олардың бейімділігі ескеріледі.

Мектептегі бір сағаттық музыка сабағына оқушылардың музыкалық бейімділігін жете дамыта алмайды. Сондықтан сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық жұмыстарға қатысуы арқылы олардың қабілетін дамытуға

мүмкіндік туады. Бұл жұмыстардың қай түрі болсын, оқушының музыка сабағынан алған білімін толықтыруы тиіс. Музыка сабағында уақыттың тығыздығынан қол жете бермейтін, орындау дағдыларын терең меңгертуге, яғни музыканың көркемдік құралдарының шығарма мазмұнын жасаудағы ролін өз орындаулары арқылы түсінуге мүмкіндік жасалады.

Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың бірнеше түрі бар. Олар ортақ белгілеріне қарай екі топқа: көпшілік және үйірмелік болып бөлінеді.

Енді осының ішінде сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық-көпшілік жұмыстардың түріне тоқталамыз.

Сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық-көпшілік жұмыстар оқушыларды барынша көбірек қамтуды, олардың танымын кеңейтіп, музыка өнеріне деген көзқарасын қалыптастыруды мақсат етеді. Осы мақсатқа жету үшін, мұғалім баланың жас ерекшелігіне сәйкес отырып, оны қызықтыратындай тақырып пен музыкалық материал таңдап алғаны жөн. Ұйымдастыру алдында біршама дайындық әңгіме жүргізіледі.

Көпшілік музыкалық жұмыстың да бірнеше түрі бар. Олар: лекция-концерттер өткізу, концерттерге бару, көпшілік-музыкалық мерекелерге қатыстыру, байқаулар мен конкурстар ұйымдастыру. Бұл жұмыстар оқушылардың музыкалық танымын кеңейтіп, олардың қабілетін дамытуға жол ашады, талғамын қалыптастырады.

Лекция-концерт. Музыкалық жұмыстың бұл түрі белгілі бір тақырыпты жан-жақты тереңдетіп түсіндіру мақсатында жүргізіледі. Балдырғандар ансамблі жайлы айтып өтуге болады. Жеке дауысқа, хорға арналған әндерін хор үйірмесінің мүшелеріне айтқызу балалардың орындаушылық ынтасының оянуына ықпалық тигізері сөзсіз.

Жұмбақ-концертті өткізу кезінде мұғалім шығарманың тақырыбын құпиялап, композитордың аты-жөнін табу жолын айтады. Сол композитордың балаларға арналған шығармалары таныстырылады, талданып, тыңдатылады. Мұндай концертті ребус шешкізумен де бастауға болады.

Хормен ән салу. Хормен ән салу музыка сабақтарының негізі болып табылады. Ән салу – есту, жадында сақтау, ырғақты сезіну, көркемдік талғам сияқты музыкалық қабілеттерін дамытудың ең пәрменді түрі ән салу жөніндегі берілетін нұсқаудан бастап әннің ұнамды шығуына дейінгі барлық объект назарда болуға тиісті. Хормен ән салу музыкалық тәрбиенің ең оңай қол жетерлік түрі болып табылады. Бірінші сынып оқушылары өздерін қуанышқа бөлеп, машықтандыратын қарапайым әнді салуына болады.

Музыка мен ән сабақтарының мазмұнына өзінің қарапайымдылығымен, жинақылығымен, сүйкімді, тартымдылығымен және үлкен мәнерлілігімен ерекшеленетін халық әндері енгізіледі. Бұл әндер мектеп оқушыларына өз халқының музыкалық тілін түсініп, көркемдік талғамын дұрыс қалаптастыру үшін тамаша материал болуы мүмкін.

Балалардың басқа халық музыкасымен және әндерімен танысуының, сондай-ақ үлкен тәрбиелік мүмкіндігі бар. Бір халықтың әндерін басқа халықтардың ән салу шығармашылығымен салыстыра отырып, балалар халықтар музыкасының ерекшелігін, терең түсінуі және сезінуі мүмкін. Сонымен қатар, мұғалімдер тарапынан дұрыс басшылық болса балалар басқа халықтар музыкасының көркемдік ерекшеліктерін түсінеді де бағалайды. Басқа халықтардың көркемдік даналығын түсіну – балаларды интернационалдық рухта тәрбиелеудің тамаша мектебі.

Ән салуды дұрыс жолға қойған кезде, ол оқушы ұжымын ұйымдастырудың маңызды құралы болып алуы мүмкін.

Әнді тамаша орындау – орындаушы ұжымның үлкен еңбегінің нәтижесі. Ән салып үйрену жалпы үйлесімділік пен келісімділікті, жалпы эмоционалық көтеріңкілік, көңіл күйді талап етеді. Міне, осының барлығы балаларды дәл түсіп топтастырады.

Әдебиеттер:

1. Мұстафин Б.А., Таубалдиева Ж.Ш., Смакова З.Н. Музыка сабағында ән үйрету әдістемесі. Сырнаймен әнді сүйемелдеу арқылы орта мектептердің

музыка сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту жөніндегі оқу құралы /Мұстафин Б.А., Таубалдиева Ж.Ш., Смакова З.Н. –Талдықорған: ЖМУ, 2010, 282 б.

2. Гогоберидзе А.Г. Музыкальное воспитание детей раннего и дошкольного возраста: современные педагогические технологии.: учебно-методическое пособие / А.Г. Гогоберидзе, В.А. Деркунская. –Ростов н/Д: Феникс, 2008. -428 с.

3. Музыкалық педагогикадағы халықтық салт-дәстүрлер оқу әдістемелік құрал / құрастырушылар Ажіғалиева У.А., Балажанова Қ.М. – Павлодар, 2007. – 59 б.